

БІЛІМ ОРТАСЫН ЖАСТАРДЫҢ ЭКСТРЕМИЗМІН ЖЕҢУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУ

Рысбеков Т.З.,

М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті, Қазақстан

Annotation. The article considers the role of education in the transformation of the youth extremism in the period of transition of the company in the post-industrial phase of development. Analyzes the methods and techniques of the impact of educational structures in extremist behavior of young people.

Аннотация. В статье рассматривается роль образования в трансформации молодежного экстремизма в период перехода общества в постиндустриальную фазу развития. Анализируются приемы и методы влияния образовательных структур на экстремистское поведение молодежи.

Қазіргі заманда білім ордалары инновациялық экономиканың орталығына айналуға. Ең алдымен, олар жаңа ойлар мен креативтік жобалардың инкубаторы болып табылады; екіншіден, жоғары технологияларға бағытталған кәсіби мамандарды дайындаудың үздіксіз жүйесіне айналуға. Мұндай жағдайда бүгінгі жоғары оқу жүйесінің тұжырымдамасы көп деңгейлілікті қажет етеді. Еліміздегі жоғары оқу жүйесі Болон декларациясын іске асыра отырып деп сатылы маман даярлау мәселесіне толықтай іске асыруға. Бұл арада білім беру жүйесінің міндеті тек оқыту және тәрбиелеу мәселелерінен шектелмейтіндігін естен шығармауымыз керек. Жаһандану жағдайында білім ордалары жиеленістен және бұрын оларға тән емес мәселелерді шешудің алаңы мен күрес майданына айналып отыр. Біздің әңгіме жасайын деп отырған мәселеміз жастар экстремизмі жөніндегі. Соңғы жылдары жастар арасында адамгершілік пен құқық ережелерін бұзу, ксенофобия және наразылық мінез-құлықтарының жиілендігі жөнінде жиі айтылып жүр.

Жастар арасында экстремистік белсенділіктің шиеленісуі қоғамның дамуының белгілі бір кезеңімен байланысты. Ол қоғамның экономикалық дамуының көрсеткіші іспеттес, оның үстіне, дамудың постиндустриалдық кезеңіне өтудің индикаторы сияқты.

Бүкіл әлемде орын алып отырған жағдай көрсеткендей жастар арасындағы экстремизм түрлі жағдайлардың кездейсоқ тоғысуы емес, оның қайда болуының белгілі- бір әлеуметтік – мәдени алғышарттары бар. Жастар арасындағы экстремистік әрекеттердің қалыптасуының жағдайы қоғамның постиндустриалдық дәуірге өту кезеңіндегі қайшылықтар болып табылады. Ақпараттанған қоғам өз өкілдерінің мамандығы мен біліміне жоғары талап қояды, соның салдарынан кәсіби қызметке дайындалуға уақыт едәуір ұлғаяды, оқу мерзімі созылады. Жастар ұзақ уақыт аға буын өкілдерінің әлеуметтік тәуелділігінде болуға тура келеді. Бір жағынан, олар бұлшық еттері дамыған, ал екінші жағынан, әлеуметтік жағынан өздерінің әлеуметтік ролін әлі игеретін жағдайда. Оған жастық шақтың көтеріңкі тез әсерленушілігі мен ұшқарылығы психологиялық тұрақсыздығы қосылады. Мұндай сәйкессіздік жастардың өз күшқуатын әлеуметтік өмірге қолайсыздау тәсілдермен көрсетуден орын алады. Оның себептері әртүрлі қоғамдық қайшылықтар болуы мүмкін: ұяттық қатынастар асқынуы, экономикалық қиындықтар әлеуметтік теңсіздік саяси сүргіндер. Өзін танытудың тәсілі әлеуметтік орны мен мүліктік жағдайына да байланысты болуы мүмкін. Мәселен, кей жағдайда бұзақылықты қоғамның төменгі топтарынан семьяда көп тәрбиеде көп болмағандар байқатады.

Қазіргі қоғамды білім қоғамы деп атайды. Өйткені ұдайы инновациялар, технологиялық дамулар, әлеуметтік өмірдің барлық саласында қызметтің жаңа тәсілдерін пайдалану орын алып отыр. Ал жаңашылдық, тәуекелге бейімділік, ақпараттық жаңалықтар – жастардың ісі. Жастарда ересектерге қарағанда өзін- өзі сақтау сезімі әлі жеткілікті дамымаған, сондықтан да олар өзінің күшінің жағдайына қарап, тәуелді идеялар еліктегіш келеді. Міне, сондықтан да қоғам тарапынан жастарды сәтті әлеуметтендіруге бағытталған тәрбие жұмысының әсері жасалынуы қажет.

Әрине, экстремизмнен тек әлеуметтік негативті (теріс әрекет), заң бұзушылық пен қылмыстық қор іздемеу керек. Үздіксіз жаңалықтар негізінде дамыған постиндустриалдық

дүние өзінің тіршілік етуіне қажетті жағдай ретінде айрықша орта жасайды. «Бірді-бір жаңалық қоғамға белгілі бір ауытқусыз енгізіле алмайды»(2,б.6). Кез келген қоғам өзінің адамдарын «мәдениетті» етіп, яғни әлеуметтік маңызды дәстүрлердің, дүниені игерудің тәсілдерін, қызметтердің идеалдар мен құндылықтардың жақтаушысы ретінде тәрбиелеуге тырысады. Әрине тұрақтылық пен біртұтастық маңызды, алайда олар мәдениет өміршендігінің бірден-бір сипаттамасы емес. Сонымен қатар өзіндік дамуға қабілеттілік те қажет. Бұл жерде ескеретін жағдай – тұрақтылық пен өзгерушілік үрдістің өзара қатынасы болуға тиісті. Ол үшін эксперименттердің саласына әсер ететін және бағалайтын әлеуметтік реттегіш болады. Тұрақталған үлгілер мен ережелерді қолдаушы, сол үшін қоғамдық пікір мен әлеуметтік жағдайда мақтауға ие болатын мәдениетті адам инновацияларға қажеттілікті бастап кешірмейді.

Тарихтан белгілі жағдайларға көз жүгіртсек – құлдар көтерілісінің, орта ғасырдағы шаруалар толқулардың жаңа замандағы революциялық қозғалыстардың басшылары мен көсемдері өзінің мәдениеттілігінің шеңберінен асып, әлеуметтік эксперименттер саласына шығып отырды. Ал бұл жағдайлар дәстүрлі қоғамдық пікір тұрғысынан теріс бағаланды. Алайда, дәл солардың ортасында қоғамда болып жатқан өзгерістерге пара-пар жаңа мәдениет бүршіктері тұрақталды, жаңа технологиялар, қызмет түрлері, табиғатқа, өзіне және өзгелерге көзқарас жасалынды.

Жалпы, «экстремизм» латынның «экстремум», яғни «төтенше», «барып тұрған» деген сөзінен шыққан. Экстремизм адамдардың санасы мен мінез-құлқындағы төтенше көзқарастардың, мәселені шешудің, мақсатқа жетудің, сондай-ақ өмір сүру үлгісінің тәсілдері мен әдістерінің көрінісі болып табылады /2, 8/. Сонымен, экстремистік мінез-құлық амбиваленттік (екі жақтық сезім, яғни қанағаттанушылық пен қанағаттанусыздық, жақсы көру мен жек көру т-т) сипатқа ие болады. Ол қоғамдық тыныштық пен өмірдің қалыпты жағдайын бұза отырып, қайшылықтардың индикаторы бола отырып, әлеуметтік мәселелерді шұғыл шешуді талап етеді, әлеуметтік өзгерістер мен негізгі әлеуметтік – мәдени жаңалықтардың пара-пар себебі болады. Құқыққа қайшы келе отырып, ол әрқашанда қоғамға қауіпті емес. Экстремистік әрекеттер кейбір заңнамалардың әділетсіз болмаса ескірген жақтарын көрсетуі мүмкін. Бұл арада олар әлеуметтік болашақты ескермей, тез арада шешілуіне жөн сілтейді.

Әрине, экстремистік көзқарастардың қай-қайсысын да қолдау қуатталынбайды. Көп жағдайда жастардың максимализміне (ұшқарлылығы, өмірлік тәжірибенің аздығына және әлеуметтік жауапкершілік қалыптаспаған сезімдеріне тән каталдық пен агрессивтік, ұлтшылдық пен ксенофобияны болдырмау мен түзету шараларын іске асыруда қажет етеді. Оған бүкіл қоғам (саяси ұйымдар, құқық қорғау органдары, қоғамдық пікір, отбасы, ұжым) көңіл бөледі. Олай болса, экстремизмнің қоғамға теріс көріністеріне қарсы әрекет етіп қана қоймай, ең бастысы, оны туғызатын мәселелерімен күресу қажет. Бұл процесте білім жүйесі шешуші роль атқаруға тиісті. Бұл арада әңгіме болатын – оқу процесін ұйымдастыру, оқу бағдарламалары мен жоспарларының мазмұны, оқу үлгілерінің әр алуандығын пайдалану. Мәдени құндылықтарды жеткізудің әлеуметтік жауапкершілікті тәрбиелеудің әлеуметтік – мәдени, жаңалықтардың механизмі мен үрдістерінің құралы ретінде әлеуметтік – гуманитарлық пәндерді оқытудың қосатын үлесі ерекше болып табылады.

Экстремистік мінез-құлыққа әсер етудің екі бағытта іске асыруға болады. Біріншіден, қолайлы әлеуметтік-экономикалық ортаны жасау құралдары (білімдік, демалыстық, коммуникативтік және басқалар) құқықтық қызметтер, тиімді басқару. Екіншіден, білімінің құндылықтар жүйесін тәрбиелеуге белсенді әсер етуі, өз мәдениетінің байлықтарын игеру, танымдық белсенділікпен мансаптық талпыныс дағдыларын дамыту; адамгершілікке тәрбиелеу өзінің белсенділігінің сан алуан үлгерінің игеруге бағытталған әртүрлі демалыс құралдарын даыту.

Бұл мәселелерді сәтті іске асыру үшін ұстаз мамандарын даярлау ерекше рол атқарады. Алайда, жоғары оқу орындары барлық жастарды қамтымайды. Керісінше, экстремизм оқуға ниеті түзу емес жастар арасында жиі кездеседі.

Бүгінгі таңда білімнің басты үрдісі өзіне оқушылардың ерекше сұранысын, жеке қызығушылығын, әдістер таңдауға мүмкіндік беретін әртүрлі деңгейдегі әралуан бағытта қосатын, соның ішінде қашықтан оқыту формасы да бар, үздіксіз білім берудің кең жүйесін жасау. Шын мәнінде жастардың қызығушылығын туғызатын, белсенді өмір салтына, мазмұнды демалысқа, өзінің қоғамдық белсенділігін іске асыруға, өзін қоршағандарға ықпал жасауға бағытталған білім беру құрылымдарын жасау қажет. Қазіргі кезде қай жоғары оқу орнында болса да, дәстүрлі спорт секциялары, қосымша білім беру курстары, студенттік және басқа қоғамдық қоғамдық ұйымдар бар. Жастарды көбірек тарту үшін олардың саны мен түрлерін көбейту қажет. Мұндай құрылымдардың көбеюі жастардың белсенділігін басқаруға мүмкіндік береді. Жастардың қай бағыттарда белсенділігі ерекше байқалатындығын көзден таса қылмау қажет. Жоғары оқу әкімшілігі, өзін-өзі басқару құрылымдары оқу процесіндегі барлық жаңашылдықты қолдап, олардың стратегиялық міндеттерге сәйкестігін бақылап отыруға тиісті.

Бүгінгі таңда білімнің әлеуметтілігі білім жүйесінің заман талабына сай болуын көрсетіп, қорытындылап отырады. Ол талаптар мыналар: қоғамның барлық білім жүйесінің интеграциясы; оқу процесінің гуманитарлануы (тәрбие әдістеріне көп көңіл бөлу, жеке адамды, оның мүддесін дамыту, интеллектуалдық, адамгершілік және дене тәрбиесі ұдайы жетілдіру); оқыту мен тәрбиенің жіктелуі мен жекеленуі, яғни әркімнің қабілетінің көрінуіне жағдай туғызу; оқыту процесінің демократиялануы.

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында осы талаптарға сай кейбір үрдістер жүргізілуде. Атап айтатын болсақ: білім берудегі модульдік принциптердің белсенділігі; оқыту процесінің техникалық жабдықталуының артуы; білім берудің ақпараттық формасынан оқытудың белсенді, алдыңғы қатарлы әдістер мен үлгілеріне көшу; оқу-тәрбие процесінде оқушылардың белсенділігі мен қабілетін арттыратын тәсілдерге көшу, оқу процесінде оқытушы мен оқушының бірлесіп жұмыс жасайтын формаларын енгізу. Осы үрдістерді іске асыру нәтижесінде жоғары оқу орындарында білім мен ғылымның кешеніне айналуға.

Жастар экстремизмінде бір емес, бірнеше кешенді себептер бар. Олар бір мезгілде орын ала отырып, жағдайға байланысты әртүрлі шешілуі мүмкін. Икемделгіш білім құрылымдары орын алып отырған келеңсіз жағдайлар мен әлеуметтік қиындқтарды шұғыл шеше алад. Экстремизм мәселесін білім құрылымдарының өзгеруімен ғана шешу мүмкін емес осы ұжымның іске асыратын экономикалық, саяси, дәстүрлі-құқықтық шаралар да қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Левикова С.И. Молодежная субкультура. – М., 2004.
- 2 Добрынина В.И., Кухтевич Т.Н. Сущность и причины молодежного экстремизма // Экстремизм в молодежной среде. – М., 2007.
- 3 Панина Г.В. Образовательная среда - средство преодоления молодежного экстремизма // Вестник высшей школы. – М., 2008. – №8. – С. 21–28.

МЕТОДИЧЕСКОЕ ОБЕСПЕЧЕНИЕ ПРОГРАММЫ ФОРМИРОВАНИЯ КОММУНИКАТИВНО-УПРАВЛЕНЧЕСКОЙ КОМПЕТЕНТНОСТИ СТУДЕНТОВ ПЕДВУЗА

Сеитова Р.С.,

Костанайский государственный педагогический институт, Казахстан

Annotation. The development of communicative and managerial competence of future teachers as a subsystem of professional training of future teachers includes interconnected subsystems: content-organizational, motivational and regulatory, process-forming, and diagnostic and corrective.

Коммуникативно-управленческая компетентность представляет собой сложное интегративное личностное качество и не возникает стихийно в результате самообразования, а требу-